

**Созақ аудандық әкімдігінің 2006 жылғы 21 сәуірдегі № 1 және Созақ аудандық мәслихатының 2006 жылғы 21 сәуірдегі № 163 "Таукент поселкесі әкімшілігінің шекарасын өзгерту туралы" бірлескен қаулысы мен шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2012 жылғы 29 наурыздағы № 96/1 шешімі және Созақ ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 12 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 8 мамырда № 14-12-140 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Таукент поселкесі әкімшілігінің шекарасын өзгерту туралы» Созақ аудандық әкімдігінің 2006 жылғы 21 сәуірдегі № 1 және Созақ аудандық мәслихатының 2006 жылғы 21 сәуірдегі № 163 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-12-21 нөмірмен тіркелген, 2006 жылғы 27 мамырда «Молшылық үшін» газетінің 24 нөмірінде жарияланған) бірлескен қаулысы мен шешіміне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
«Таукент поселкесінің шекарасын өзгерту туралы»;  
к і р і с п е с і н д е :

«басқару» деген сөзден кейін «және өзін-өзі басқару» деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Созақ аудандық мәслихатының*

*III сессиясының төрағасы: А.Аймұрзаев*

*Созақ аудандық мәслихатының хатшысы: А.Аймұрзаев*

*Созақ ауданы әкімі: Б.Мейірбеков*